



БЕКІТЕМІН
Түркістан облысы
әкімінің орынбасары
С.А. Қалқаманов
«22» Қыркүйек 2022 жыл

**XXIV «Қазақ романсиадасы»
романс орындаушылары байқауының
ЕРЕЖЕСІ**

I. Ұйымдастыруышылар

- Түркістан облысының мәдениет басқармасы;
- «Южный Казахстан» облыстық қоғамдық-саяси газеті;
- Түркістан облысының Славян мәдени орталығы.

II. Байқаудың мақсаты мен міндеттері.

ТМД елдері арасындағы мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты нығайту, рухани байланысты кеңейту, композиторлар шығармаларын насихаттау, қазақ халқының мәдени мұрасын әлемге таныту.

Қазақ және орыс романстарын орындаушыларының Қазақстандағы жалғыз ашық байқауы Түркістан облысының маңызды имидждік жобаларының бірі болып табылады, себебі ол Қазақстанның онтүстігіндегі мәдениеттің дамуы туралы оң қоғамдық пікірді қалыптастыруға ықпал етуді, қалыптасып келе жатқан гуманитарлық байланыстардың кеңейюі, жаңа мәдени және шығармашылық дәстүрлердің пайда болуын көздейді. Отандық және әлемдік мәдениеттің озық үлгілерін, өнердегі ұрпақтар сабактастырын насихаттайтын байқау жастарды классикалық өнердің көрнекті туындыларына тәрбиелеуге, жаңа таланттарды ашуға және Қазақстан мен Орталық Азия республикаларын лайықты танытатын жарқын орындаушылардың есімдерін әлемнің жетекші сатыларында ашуға көмектеседі. Жарыс Бүкілресейлік Романсиада бағдарламасына енгізілген, оның финалы осы жылдың желтоқсан айында Мәскеудегі Колонналар залында өтеді.

III. Байқаудың өткізу тәртібі мен мезгілі

Байқау 2022 жылдың 10-11 қараша күндері Түркістан қаласында өтеді. Ұйымдастыру комитеті өткізу мерзімдерінің өзгеруі туралы алдын ала хабарлайды. Байқауға қатысушыларды тіркеу және орналастыру – 9 қарашадан басталады, конкурстық қойылымдар – 10-11 қараша күндері, гала-концерт – 11 қарашада өтеді.

Екі турдан тұратын іріктеу тындалымда бір романстан орындаиды.

Бірінші XIX-XX ғасырдағы классик композиторлардың (А.Гурилев, А.Варламов, П.Булахов, М.Глинка, А.Даргомыжский, М.Балакирев, П.Чайковский, С.Танеев, С.Рахманинов, Ц.Кюи, А.Гречанинов, Э.Направник, Р.Василенко, Д.Шостакович, С.Прокофьев және басқалар) романсы орындалады.

Екінші турға қатысушылардың жартысынан көбі жіберілмейді. Екінші турда XIX-XX ғасырдың салондық (қалалық, тұрмыстық) романстары (Л.Малашкин, В.Абаза, Н.Шишкін, Я.Пригожий, С.Покрасс, Б.Прозоровский, Ю.Хайт, Б.Фомин және басқалары) немесе заманауи композитордың романстары орындалады.

«Қазақ романсы» жеке номинациясында (А.Жұбанов, Л.Хамиди, Ф.Жұбанова, Е.Рахмадиев, М.Маңғытбаев, Н.Тілендиев, Т.Мұхамеджанов, Т.Базарбаев, Е.Хасанғалиев) қазылар алқасының шешімімен бірінші турдан өткен қатысушылар өнер көрсетеді. Байқау жеңімпаздары мен гала-концертке қатысушыларды Ресей Федерациясының еңбек сіңірген өнер қайраткері, Ресейдің еңбек сіңірген әртісі, Мәскеу қаласының «Халық мәдениеті орталығы» мемлекеттік мәдениет мекемесінің директоры, профессор Г.С.Преображенская төрағалық ететін қазылар алқасы анықтайды.

III. Байқау қатысушылары

«Қазақ Романсиадасы» романс орындаушылары байқауына 17 мен 27 жас аралығындағы кәсіби әншілер, шыгармашылық жоғары оку орындарының студенттері, орта арнаулы оку орындары мен музикалық мектептердің студенттері қатыса алады. «Қазақ Романсиадасының» бұрынғы лауреаттары жарысқа қатысуға жіберілмейді. Үміткерлердің өтініштері 2022 жылдың 2 қарашасынан кешіктірмей электронды түрде берілуі керек. Катысушы байқауды ұйымдастыру комитетіне келесі материалдарды ұсынуы қажет:

- конкурсқа қатысуға өтінімді www.yujanka.kz сайтынан жүктеп алуға болады немесе kaz.romansiada@gmail.com және yujanka-adv@mail.ru электронды поштасы арқылы сұрауға болады.
- төлқұжаттың (жеке куәліктің) көшірмесі.

Өтініштер kaz.romansiada@gmail.com немесе yujanka-adv@mail.ru электрондық поштасы бойынша «Қазақ Романсиадасы» байқауына» деген белгімен қабылданады.

Қатысуға жіберілген өтінім орындаушының осы Ереженің барлық тармағымен келісімі ретінде бағаланады.

Қажет болған жағдайда ұйымдастыру комитеті қатысушыларға репетициялар мен конкурстық өнер көрсету үшін ақылы концертмейстерлерді ұсынады.

Конкурсқа қатысушылардың жол шығындары мен жатын орындары – қатысушылардың есебінен. Ұйымдастыру комитеті орналастыруға көмек көрсетеді. Жатын орын шығындарының бір бөлігіне компенсация берілуі мүмкін.

IV. Байқаудың номинациялары

Байқау келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

- «Орыс романсы»
- «Қазақ романсы»

Байқаудың қорытындысы бойынша қазылар алқасы дипломдар, лауреаттық атақтар мен сыйлықтар береді. Байқаудың жалпы жүлде қоры – 1,6 млн.теңге. Қазылар алқасы қандай да бір сыйлық бермеуге немесе өзге де қосымша жүлделер тағайындауға құқылы. Лауреаттық атақ алмаған финалистерге конкурс дипломдары тапсырыла отырып, дипломант атағы беріледі. Үздік концертмейстерлерді атап өту байқау дәстүрі болып саналады.

Байқау өткізілгеннен кейін оның женімпаздары мен қатысушылары қорытынды гала-концертке және басқа да қойылымдарға қатысады.

V. Байқаудың қазылар алқасы

Қазылар алқасының құрамына Қазақстанның, Ресейдің, Өзбекстанның, Қыргызстанның және басқа да елдердің еңбек сінірген өнер және мәдениет қайраткерлері, вокал саласындағы мамандар мен танымал ұйымдастырушылар кіреді. Қазылар алқасы мүшелерінің іссапар шығындарын, қалам ақысын (гонорар), күтіп алу және жол шығындарын бюджетпен бөлінген қаражат шегінде ұйымдастыру комитеті өзіне алады.

Қазылар алқасы конкурстың қорытындысын шығарады және лауреаттар атағын береді, сондай-ақ осы жылдың желтоқсан айында Мәскеуде өтетін Бүкілрессейлік Романсиаданың қорытынды конкурсына қатысуға үміткерлерді іріктейді. Қазылар алқасы мүшелерінің қаламақысының мөлшеріне бөлінген қаражаттан және олардың конкурсты ұйымдастыруға қосқан үлесі есебінен айқындалады. Қазылар алқасының мүшелері конкурстан кейін гала-концертке және басқа да конкурстың акцияларға қатысады.

Сұрақтар бойынша:

электрондық пошта kaz.romansiada@gmail.com және uyjanka-adv@mail.ru

Тел./WhatsApp: +7 707 938 1672.

VI. Балалар Романсиадасы

«Қазақ романсиадасы» аясында «Балалар романсиадасы» өткізіледі, оның женімпазы «Қазақ романсиадасы» Гала-концертіне қатысады. Байқаудың мақсаты – балалар мен жасөспірімдер арасында қазақ және орыс музыкасының үздік вокалдық үлгілерін насхаттау. Өтетін орны мен уақыты: Түркістан қаласы, 30 қазан, басталуы сағат 10:00-де.

- Байқауға музыкалық және жалпы білім беретін мектептердің 9-16 жас аралығындағы оқушылары қатыса алады.
Қатысушылар үш жас санатына бөлінеді:
9-11 жас, 12-14 жас және 15-16 жас.
- 2 романс (романс форматындағы әндер) – қазақ және орыс тілдерінде орындалады.
- Қазылар алқасы қатысушы ұсынған бағдарламадан кез келген шығарманы таңдауға; бүкіл бағдарламаны немесе оның бір бөлігін ғана тыңдауға құқылы.
- Сүйемелдеу үшін тек музыкалық аспап қолданылады (фонограммаларға жол берілмейді).

Қатысушы 25 қазанға дейін байқаудың ұйымдастыру комитетіне келесі материалдарды ұсынуы қажет:

- байқауға қатысуға өтінім бланкісін www.yujanka.kz сайтынан жүктеп алуға болады немесе e-mail арқылы сұрау: kaz.romansiada@gmail.com және yujanka-adv@mail.ru.
- паспорттың (туу туралы куәліктің немесе куәліктің) фотокөшірмесі.

Өтінімдер e-mail арқылы қабылданады: kaz.romansiada@gmail.com немесе yujanka-adv@mail.ru «Қазақ романсиадасы байқауына» деген белгісімен.

Өтінімде қатысушының аты-жөні, жасы, оқу орны, орындалатын шығармалардың атауы мен авторлары, концертмейстердің және педагогтың тегі және байланыс телефондары көрсетілуі керек.

Өнер көрсету кезегін ұйымдастыру комитеті айқындайды.

Қазылар алқасының құрамына вокал және театр өнері саласындағы педагогтар мен мамандар кіреді.

Байқауға қатысу – тегін.

Қатысушы жеке концертмейстермен де, байқаудың штаттық концертмейстерімен де өнер көрсете алады. Байқау кезінде штаттық концертмейстермен сүйемелдеу және он минуттық консультация – тегін, концертмейстермен қосымша жеке сабактар – ақылы.

Қатысушылар үшін Шымкент қаласынан Түркістан қаласына арнайы көлік ұйымдастырылады.